

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ
САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫМЕН ӨЗАРА
ІС-ҚИМЫЛЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдар. – Астана, 2025. – 11 б.

Пікір жазғандар:

Таубаева Г. З., профессор м.а., п.ғ.к.

Муханбеткалиева Ж.М., меңгеруші

Леонова З.Г., әдіскер

Әдістемелік құралда мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдар берілген.

Аталған Ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру педагогтеріне арналған.

Ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 26 наурыздағы № 2 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы – баланың мектепте оқуға сәтті бейімделуінің негізгі факторларының бірі. Бұл процесс мектепке дейінгі ұйымда баланың жетекші ойын әрекетінен бастауыш мектепте негізгі болып табылатын оқу әрекетіне біртіндеп өтуді қамтиды. Өтпелі кезеңнің шарттар мен талаптардың күрт өзгеруімен қатар жүрмеуі маңызды, өйткені бұл баланы күйзеліске, оқуға деген ынтасының төмендеуіне және мектептегі ортаға бейімделуінде қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп өту сәтті бейімделудің негізгі факторы болып табылады. Осыған байланысты мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін шаралар жүйесі қажет. Ол білім беру бағдарламаларын үйлестіруді, педагогтердің ынтымақтастығын, балалар мен олардың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдауды, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды мектеппен таныстыруды және жаңа білім беру ортасына біртіндеп енуіне ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыруды қамтиды.

Маңызды аспект – балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, коммуникативті қабілеттер, өзін-өзі ұйымдастыру, қарапайым оқу әрекеттері үшін қажетті біліктер мен дағдыларды дамыту. Сонымен қатар, балабақша мен мектеп арасындағы ынтымақтастық бірыңғай білім беру бағытын құруға, балаға күйзелісті еңсеруге және оның мектепке дайындығын арттыруға мүмкіндік береді.

Білім беру процесінің сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің өзара іс-қимыл жүйесін әзірлеу балалардың мектептегі ортаға біртіндеп араласуына және жаңа жағдайларға сәтті бейімделуіне септігін тигізеді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету болып табылады.

Күтілетін нәтижелер:

- баланың мектепке дейінгі ұйымнан мектепке өтуі үшін жайлы жағдайлар жасау;
- балалардың бастауыш мектепте оқуға дайындық деңгейін арттыру;
- баланың үрейленуін болдырмау және оқуға деген ынтасын арттыру;
- балабақша мен мектеп педагогтерінің өзара іс-қимылын жақсарту;
- баланы мектепке дайындау мәселелері бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Аталған әдістемелік құрал мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдарды қамтиды және мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің бастауыш сыныптарының педагогтеріне ұсынылады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазіргі кезде білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық өзекті мәселе болып отыр.

Сабақтастық – білім берудің бір деңгейінен екіншісіне бірізді ауысуды, тәрбие мен оқытудың мазмұнын, нысандарын, әдістерін сақтауды және біртіндеп өзгертуді білдіреді.

Мектепке дейінгі және мектептегі білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық тек балаларды оқуға дайындау деген түсінік қалыптастырмауы қажет.

Мектепалды даярлық кезеңінде сабақтастықты қамтамасыз ету үшін баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзін-өзі бағалауын, танымдық тұлғалық дамуын, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға дайындығын қолдау көзделеді.

Жұмыс барысында тәрбиеші баланың мектепте оқуға дайындығын, ақыл-ой қабілетін, сөйлеуін және әлеуметтік даму ерекшеліктерін анықтайды. Бұл ақпаратты білмесе бастауыш сынып мұғалімі балаға педагогикалық тұрғыдан тиімді ықпал етуі мүмкін емес. Сондықтан тәрбиеші мен мұғалімнің ортақ мақсатқа бағытталған жұмысы дайындық және даму деңгейі әртүрлі балаларға бастауыш мектепте өзін жайлы сезінуге және әрбір балаға өзінің даму қарқынымен алға жылжуына мүмкіндік береді. Мұнда тәрбиеші мен мұғалімнің балаға деген қарым-қатынас стилінің сабақтастығы маңызды, бұл баланың өз қабілеттеріне деген сенімділігі, мұғалімнің сеніміне ие болуы, оқуға ынтасы мен қуаныш сезімін ояту үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Әдетте, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытпайды, дамытады, оқу процесі - оқушының негізгі әрекеті болып табылады.

Барлық балаларды дамыту үшін бірыңғай әдіс жоқ, болуы да мүмкін емес: өйткені біреуімен көбірек сөйлесу, біреуін көбірек тыңдау, тағы басқаларымен жүгіру және секіру қажет болса, енді біреуін отыруға және мұқият жұмыс істеуге үйрету керек. Ал баланы мектепке дайындау қажет, ҚР заңнамасына сәйкес мектеп алды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектеп алды сыныптарында жүзеге асырылады; педагогтер балаға үйреткеннің, баланың өзі үйренгенінің барлығы оған мектепте табысты болуына септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мақсаты – әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Алайда, бұл мақсат көбінесе оқуды, жазуды және санауды үйрету деп тар мағынада түсінетін дайындық міндеттерімен ауыстырылғанын байқауға болады.

Мектепалды жас психикалық дамудың өзіне тән заңдылықтары бар бала дамуындағы маңызды кезең. Осы кезеңде баланың негізгі әрекеті - ойын әрекеті болып табылады және ата-аналар баланы түрлі дамытушы

әрекеттермен айналыстырады. Бала құмары қанғанша ойнамаса, ол оқуға ынта қоймайды! Таным ойын түрінде немесе баланың шынайы қызығушылығы мен жаңаны білуге деген ұмтылысын оятатын зерттеу әрекеті арқылы өтуі маңызды. Ата-аналарға эксперимент жүргізу, модельдеу және зерттеу әрекеті балаларға мектепте оқу жеңіл болуы үшін маңызды екенін түсіндіру қажет.

Бастауыш білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін жайлы білім беру кеңістігін құру болып табылады:

- білімді мақсатына қарай және шығармашылықпен қолдану;
- сыни тұрғыдан ойлау;
- зерттеу әрекетін жүргізу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- қарым-қатынастың түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды қолдану;
- топпен және жеке жұмыс істей білу.

Бірінші сыныпта бала үшін жаңалықтың тиімді болуы маңызды, егер бала оқу және жазу білсе – бұл жаңалық оған әсер етпейді! Балаларды қойылған сұрақтарға жауап іздеуге, өз пікірлерін ашық айтуға қызықтыру өте маңызды, ол үшін дербестік пен бастамашылықты қалыптастыру, ірі және ұсақ моториканы дамыту қажет. Егер бала өзін-өзі ұстай алатын, епті әрі икемді болса, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алса, онда мектепке бейімделуі жеңіл өтеді.

Балалардың мектепке баруын жеңілдету және олардың жаңа жағдайларға жылдам бейімделуіне мүмкіндік беру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдері мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы бойынша бірлескен жұмыс жоспарын жасауы қажет, өйткені бес және алты жастағы балалардың арасындағы психологиялық айырмашылық айтарлықтай көп емес. Тәрбиеленушілерді мектеппен, оқушылардың оқу және қоғамдық өмірімен таныстыру олардың түсініктерін кеңейтуге, мектепке деген қызығушылығын, оқуға деген ынтасын оятуға мүмкіндік береді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелерден туындайды.

Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарда жылдық міндеттерді шешуге бағытталған жұмыс жоспарланады. Осындай бағыттардың бірі орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл болып табылады, онда мектепке дейінгі ұйымның мектеппен өзара іс-қимылының мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарланады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру мақсатында тірек балабақшалардың, тірек консультациялық пункттердің және тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша 2025 жылға арналған қадамдық іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында балабақша мен мектеп арасындағы өзара іс - қимыл түлектердің балабақшадан мектепке біртіндеп өтуіне жағдай жасауға бағытталған.

Өзара іс-қимылдың негізгі міндеттері:

- мақсатты, міндеттер мен мазмұнды, сондай-ақ белгіленген нәтижелерге қол жеткізу жолдарын айқындаудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;

- тәрбиелеу-білім беру процесіне барлық қатысушылардың — мұғалімдер мен тәрбиешілердің, балалар мен олардың ата-аналарының қолайлы өзара іс-қимылы үшін жағдай жасау.

Мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылының алгоритмі:

1-қадам. Қорытынды мониторинг жүргізу

2-қадам. Бастауыш сынып мұғалімі балалардың даму траекториясын анықтау үшін мектепалды топ тәрбиешісінің **Жеке даму картасын толтыруы**

3-қадам. Бала бірінші сыныпқа баратын мектепті анықтау үшін тәрбиеленушілердің **ата-аналарымен (занды өкілдерімен) сауалнама жүргізу**

4-қадам. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және бірыңғай мақсат пен тәрбиелеу міндеттерін әзірлеу үшін **мектепке дейінгі ұйымның мектепалды тобының тәрбиешілерін бастауыш сынып мұғалімдерімен таныстыру**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты	Бастауыш білім берудің мақсаты
әр баланың қызығушылықтарын, жасы мен ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу	оқу, жазу, математика бойынша оқу дағдыларын меңгертумен қатар мектеп өмірінің ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды дамыту
тәрбиелеу - білім беру процесі баланың тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы қажет: құзыреттілігін, бастамашылығын, дербестігін, өзін-өзі тануын және өзін-өзі бағалауын дамыту	

Балабақша, отбасы мен мектеп арасындағы тәрбиелеу процесіне ортақ көзқарастар қалыптастыру, тәрбиелеу-білім беру процесіне барлық қатысушылардың — тәрбиешілердің, мұғалімдердің, балалар мен ата-аналардың өзара іс-қимылы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

5-қадам. Әдістемелік қолдау

МЖМС-та түлекке қойылатын талаптармен таныстыру, балабақша мен бастауыш мектеп бағдарламаларын, балаларды мектепке дайындау бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу және талдау.

«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру және өткізу.

6-қадам. Мектепке дейінгі ұйымға сәйкес бастауыш мектепте оқытуды ұйымдастыру нысандары мен әдістерін жетілдіру:

- дене тәрбиесі сабақтарында, үзілістерде, бірлескен және дербес әрекетте, сыныптан тыс жұмыс барысында балалардың қимыл белсенділігін барынша қамтамасыз ету;

- кіріктірілген әрекет түрлерін, сыныптан тыс жұмыс, шағын және барлық топпен жүргізілетін жұмысты қоса алғанда сабақ және сабақтан тыс оқытудың түрлерін қолдану;

- мектепке дейінгі ұйымда балалар әрекетінің мазмұнын модельдейтін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны бастауыш сыныпта ұйымдастыру;

- мектепке дейінгі ұйымдағыдай бастауыш сыныпта сабақ барысында балалардың қарым-қатынас жасау түрлерін өзгерту, құрдас-серіктесіне көңіл аудару, өзара әрекет ету және диалог құру, өз ойын айту және өзінің пікірін қорғау, қателескен жағдайда оларды табуға мүмкіндік беру.

7-қадам. Оқу жылына өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жоспарын құру

Өзара іс-қимылды іске асыру нысандары:

1. Балалармен жұмыс:

- мектеппен таныстыру мақсатында экскурсия жүргізу;

- тәрбиеленушілерді бастауыш сынып мұғалімдерімен және оқушыларымен таныстыру;

- балабақша мен бастауыш сынып балаларының салған суреттері мен қолөнер бұйымдарының көрмелеріне бару;

- мерекелерді бірге өткізу (Білім күні, балабақшамен қоштасу және т. б.);

- театрландырылған әрекетке қатысу (бірінші сынып оқушылары балабақша тәрбиеленушілеріне қойылым көрсетеді).

2. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің өзара іс-қимылы:

- мұғалімдердің мектепке дейінгі ұйымға баруы (мектепке дейінгі ұйымдарда ашық есік күнін ұйымдастыру);

- семинарларға, шеберлік сыныптарына қатысу;

- бірлескен педагогикалық кеңестер өткізу;

- МДҰ мен бастауыш білім беру педагогтерімен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

3. Ата-аналармен ынтымақтастық:

- ашық есік күнін өткізу;

- ата-аналарды болашақ бірінші сынып оқушыларының мұғалімдерімен таныстыру;

- мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерімен және бастауыш сынып мұғалімдерімен бірге ата-аналар жиналысын өткізу;

- дөңгелек үстелдерді, педагогикалық қонақ бөлмелерін, ата-аналар конференцияларын, пікірталастарды, сұрақ-жауап кештерін ұйымдастыру;
- балабақша мен мектеп педагогтеріне ортақ кеңес беру;
- шығармашылық шеберханаларға бару;
- баланың мектепке бару қарсаңында және мектепке бейімделу кезеңінде отбасындағы ахуалды зерделеу үшін ата-аналармен сауалнама жүргізу, тестілеу;
- отбасылық кештерге, тақырыптық ойын-сауықтарға қатысу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету баланың мектептегі ортаға енуі үшін жайлы жағдай жасауға, бейімсізденудің алдын алуға және оқуға оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған маңызды міндет болып табылады. Бұл процесс мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш сынып педагогтерінің өзара іс-қимылын, ата-аналармен жұмысты, балаларды психологиялық қолдауды, сондай-ақ бірыңғай білім беру бағытын әзірлеуді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Педагогика және психология саласындағы заманауи зерттеулер баланың мектепке сәтті бейімделуі білім беру мазмұнында, нысандары мен оқыту әдістерінде, сондай-ақ тәрбиелеу тәсілдерінде сабақтастық сақталған жағдайда ғана мүмкін болатындығын растайды. Мектепке дейінгі білім беру кезеңінде балалардың танымдық процестерін, эмоционалды тұрақтылығы мен әлеуметтік құзыреттілігін дамыту одан әрі оқу әрекетін сәтті меңгеру үшін негіз қалыптастырады. Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын әрекетінен оқу әрекетіне ауысу біртіндеп жүруі маңызды.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің өзара іс-қимылы ынтымақтастық, білім беру бағдарламаларын сәйкестендіру, педагогтер арасында тәжірибе алмасу және баланы мектепке дайындау процесіне ата-аналардың қатысуы қағидаттарына негізделуі тиіс. Осы кезеңде балаларды психологиялық қолдауға ерекше назар аудару қажет, өйткені жаңа кезеңге өтуден үрейлену мен қобалжудың жоғары деңгейі бейімделуге және одан әрі оқуға теріс әсер етуі мүмкін.

Сабақтастықты практикада іске асыру балаларға арналған бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруды, педагогтермен әдістемелік кездесулер өткізуді, ата-аналарға кеңес беруді, сондай-ақ баланың мектептегі ортамен біртіндеп танысуына жағдай жасауды қамтитын жүйелі жұмысты талап етеді. Балабақшалар мен мектептердің өзара іс-қимылы жақсы жолға қойылса балалардың бейімделу процесі жеңіл жүретінін, олардың оқуға деген ынтасы мен танымдық қызығушылығының артатынын білім беру ұйымдарының тәжірибесі көрсетеді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы тиімді сабақтастық баланың мектеп өміріне сәтті енуіне, оның өз күшіне деген сенімін және оқуға оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбиелеу-білім беру процесінің барлық қатысушыларының – педагогтердің, ата – аналардың және психологтардың тығыз ынтымақтастығы жағдайында ғана баланың үйлесімді дамуына және оның мектепте жақсы оқуына ықпал ететін жайлы білім беру ортасын құруға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) (1-қосымша);
3. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) (2-қосымша);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы);
5. Мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру мақсатында тірек балабақшалардың, тірек консультациялық пункттердің және тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша 2025 жылға арналған қадамдық іс-қимыл жоспары;
6. Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістемелік ұсынымдары Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, Нұр-Сұлтан, 2022 жыл.

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ	4
3	МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ	5
4	ҚОРЫТЫНДЫ	9
5	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	10